

**Екінші деңгейдегі банктердің оларға сеніп тапсырылған жинақтаушы зейнетақы қорларының ақшасы мен бағалы қағаздарын сақтауды және есепке алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасы 1998 жылғы 31 желтоқсан N 341 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 5 наурызда N 706 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен

**Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.**

**Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

Кастодиан-банктер орындайтын операциялардың есебін жүргізуді және бақылауды ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Екінші деңгейдегі банктердің жинақтаушы зейнетақы қорлары сеніп тапсырған ақшасы мен құнды қағаздарын сақтауды және есебін жүргізуді жүзеге асыру ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін. <\*>

**Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен бірлесіп (Жұмағұлов Б.Қ.) осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктердің мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары сеніп тапсырған ақшасы мен құнды қағаздарын сақтауды және есебін жүргізуді жүзеге асыру ережесін, Екінші деңгейдегі банктердің мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары сеніп тапсырған ақшасы мен құнды қағаздарын сақтау және есебін жүргізу бойынша есеп беріп отыруы туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап он күн мерзімде осы қаулыны және жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

**Екінші деңгейдегі банктердің жинақтаушы  
зейнетақы қорлары сеніп тапсырған ақшасы мен құнды  
қағаздарын сақтауы және есебін жүргізу жөнінде  
есеп беріп отыруы туралы  
Нұсқаулық <\*>**

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған және өздеріне сеніп тапсырған жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - зейнетақы қорлары) ақшасы мен құнды қағаздарын (бұдан әрі - зейнетақы активтері) сақтау және есептеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - кастодиан банктер) есеп беру түрлерін, оларды жүргізу және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) мен зейнетақы қорларына беру тәртібін белгілейді. < \* >

Ескерту. Тақырып және кіріспе өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. Мәтін бойынша "компания", "компанияға", "компаниямен", "компаниялар" деген сөздер тиісінше "ұйым", "ұйымға", "ұйыммен", "ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .

1. Осы Ережелерде зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданылып жүрген заңдарда белгіленген түсініктер пайдаланылады.

2. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар банк оларға сеніп тапсырылған зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу бойынша қызмет көрсетуге құқылы .

Кастодиан банк зейнетақы қорының және/немесе осы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ( бұдан әрі - ұйым) аффилиирленген тұлғасы болмауы тиіс. <\*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .

3. Кастодиан-банк өз қызметі кезеңінде өзіне сеніп тапсырылған зейнетақы

активтерін өздерінің мүдделеріне пайдалануға, соның ішінде оларға өздерінің міндеттемелері бойынша жауап беруге және кепілдікке беруге не үшінші адамдардың мүдделерін қанағаттандыру мақсатында көрсетілген активтерге қатысты басқа да іс-әрекеттер жасауға құқысы жоқ.

Кастодиан-банкке жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне реттеу мен қадағалау бойынша функция мен өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік орган, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, кастодиан банктер, сақтандыру ұйымдары (бұдан әрі - уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ерекшеліктері ескеріліп, пруденциалдық нормативтер есебі бойынша талаптар және ең аз резервтік талаптарды орындау қолданылады. <\*>

**Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

4. Кастодиан-банк кастодиандық қызметтерді жүзеге асыру барысында мынадай қызметтерді орындайды:

1) зейнетақы активтерін қаржы құралдарының түрлері мен қолданылып жүрген заңдарда белгіленген мөлшер бойынша нысаналы инвестициялауды бақылау;

2) зейнетақы активтерін жинақтау, оларды орналастыру, сондай-ақ инвестициялық кірістерді алу бойынша барлық операциялардың есебін жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, ұйымдардың (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын зейнетақы қорының) тапсырмаларын олардың мазмұнына дәлме-дәл сәйкес орындау; <\*>

4) қолданылып жүрген заңдарға ұйымның (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын зейнетақы қоры) тапсырыстары қайшы келген жағдайда, оларды жауып тастауды (орындамауды), бұл турасында уәкілетті органның және сәйкес зейнетақы қорын дереу хабардар ету; <\*>

5) зейнетақы қорларын оның шоттарының жай-күйі және ұйым қызметтері туралы апта сайын хабардар ету;

6) зейнетақы қорларына олардың шоттарының жай-күйі және зейнетақы активтерін басқару туралы ақпаратты кастодиан шартында белгіленген мерзімде және кезеңділігімен ұсыну; <\*>

7) "осы Ережеде белгіленген тәртіппен әрбір зейнетақы қорына (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын зейнетақы қоры) қатысты ұйыммен қаржы көрсеткіштерін үнемі салыстырып тексеру; 8) бағалы қағаздар рыногы және/немесе кастодиандық шарт туралы қолданылып жүрген заңдарда белгіленген өзге де қызметтер. <\*>

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .

5. Кастодиан-банктің кастодиандық қызметтері бойынша мүдделі ұйымдарға есеп беру тәртібін құру, бекіту және ұсыну уәкілетті органның жеке нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. <\*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .

6. Кастодиан-банк кастодиандық қызметтерді жүзеге асыру үшін зейнетақы активтерінің есебін жүргізудің ішкі тәртібін белгілейтін құжат әзірлеуі қажет.

## **2-тарау. Зейнетақы активтерін сақтау**

7. Зейнетақы қорының зейнетақы активтері кастодиан-банкінде кастодиандық шартқа сәйкес кастодиандық шот режимінде сақтайды.

Кастодиан шарты уәкілетті орган бекіткен үлгі кастодиан шартының талаптарын ескере отырып жасалады. <\*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .

8. Кастодиан банк зейнетақы қорларына осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша олардың шоттарының жай-күйі туралы ақпаратты кастодиан шартында белгіленген мерзімде және кезеңділігімен ұсынады. <\*>

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .

9. Кастодиан банк зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорына ұсыну үшін әрбір зейнетақы қорына қатысты осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Зейнетақы активтерінің құрылымы туралы есеп (бұдан әрі - Есеп) жасайды және оны кастодиан шартында белгіленген мерзімде және кезеңділікпен ұйымға (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын зейнетақы қорына) ұсынады. <\*>

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .

10. Кастодиан банк өзі жасаған Есептің және ұйым (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын зейнетақы қоры) ұсынған осындай есептің деректерін салыстырып тексереді.

Есептердің деректері сәйкес келген жағдайда кастодиан банк жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы салыстырып тексеру актісін (бұдан әрі - Салыстырып тексеру актісі) жасайды. Алшақтықтар болған кезде оларды жою

жөнінде шаралар қолданады және алшақтықтардың болу фактісін уәкілетті органға дереу жеткізеді және есептердің көшірмелерін жібереді. <\*>

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

11. Салыстыру-актісі үш данада жасалады және міндетті түрде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) Салыстыру-актісінің жасалған күні, салыстыру жүргізілген кезең;

2) салыстыру жүргізілген кезең ішінде:

- барлық түскен зейнетақы жарналарының сомасына, соның ішінде дұрыс есептелмегені ;

- зейнетақы активтер мен инвестициялық кірістен есептелген және аударылған сыйақылар сомасы; <\*>

- инвестициялық шоттан зейнетақы төлемі шотына аударылған жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы;

- зейнетақы төлемі шотынан төленген сома;

- қорытынды есептеудегі кіріс немесе шығын туралы ақпараттар.

3) Салыстыру-актісін жасау күніндегі:

- инвестициялық шоттағы жинақталған зейнетақы қаражатының қалдығы;

- зейнетақы төлемі шотындағы жинақталған зейнетақы қаражатының қалдығы ;

- қорытынды кіріс немесе шығыс туралы ақпараттар.

**Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

4) өзге де мәліметтер .

### **3-тарау. Орналасқан зейнетақы активтерін есепке алу**

12. Кастодиан-банк зейнетақы қорының зейнетақы активтерін жекеше сақтайды және есеп жүргізеді.

13. Кастодиан-банктің ішкі құжаттарында көрсетілген зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін жинақтау бойынша, оларды орналастыру, сондай-ақ инвестициялық кірістерді алу жөнінде барлық банктік операциялардың есебі жүргізілгенде кастодиан-банк уәкілетті органмен келісуі тиіс. <\*>

**Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

14. Корреспонденттік шотқа зейнетақы активтерінің сомасы түскен кезде кастодиан-банк берілген соманы кастодиандық шарт негізінде 2203 " Клиенттердің ағымдағы шоттарының" баланстық шотына есептейді.

Бұл ретте осы шотқа арналған жинақталған зейнетақы қаражатына жеке есептеу жүргізу үшін (зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті және оларды қаржы құралдарына орналастыру үшін есептеу) және зейнетақы төлемін есептеуде (басқа зейнетақы қорларына зейнетақы төлемін және аударуды жүзеге асыру үшін) қосалқы есептеуді жүргізуге арналған жеке есеп шот ашылуы тиіс.

15. Кастодиан-банк зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражатын қаржы құралдарына орналастыру мақсатында ұйымнан (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын зейнетақы қоры) ақшаны аудару туралы тиісті тапсырыстар алған соң кастодиан-банкі оны қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тексереді, олардың тізбесі уәкілетті органның жеке нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады. <\*>

Ескертпе болмаған жағдайда кастодиан-банкі тиісті баланстық шоттарда орналасқан ақшаны есептен шығарады және орналасқан зейнетақы активтерінің сомасын арнаулы шоттар ашылғанға дейін 7360 "Акциялар мен басқа құнды қағаздарды сақтауға арналған" меморандум шотына бір мезгілде есептейді.

Бұл ретте осы меморандум шотының қосалқы есеп жүргізуінде қаржы құралдарының әр түрі бойынша жеке есеп шот ашылады.

**Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

15-1. Кастодиан банктер тиісті лицензия негізінде депозитарлық қызметті жүзеге асыратын ұйымда бағалы қағаздарды есепке алу бойынша әрбір зейнетақы қорына жеке шот ашуға міндетті. <\*>

**Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

16. Жинақталған зейнетақы қаражатын орналастырудан алынған инвестициялық кіріс сомасы корреспонденттік шотқа түскен кезде, кастодиан-банк 2203 "Клиенттердің ағымдағы шоттарының" (жинақтаушы зейнетақыға есеп жүргізуге арналған жеке есеп шот) баланстық шотына осы соманы бір мезгілде есептейді. Кастодиан-банк инвестициялық кірістен түскен тиісті комиссиялық сыйақыларды 2203 шот арқылы (жинақтаушы зейнетақыға есеп жүргізуге арналған жеке есеп шот) ұйым тапсырыстарының негізінде ұйымның банктік шоттары мен зейнетақы қорларына аударды не зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын зейнетақы қорының банктік шотына. <\*>

**Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

17. Кастодиан-банк кастодиандық шарт негізінде зейнетақы қорларына кастодиандық қызмет көрсету бойынша әр айдың соңғы күнінен кешіктірмей бір айдың кірісіне алынуға тиісті, соманы есептеу әдісі бойынша есептеседі, және

арнаулы баланстық шот ашылғанға дейін оны 1700 тобындағы баланс шотының активтеріндегі және 4608 "Банктің басқа комиссиялық кірістері" баланстық шотының пассивінде көрсетеді.

#### 4-тарау. Қорытынды ереже

18. Кастодиан-банк зейнетақы қорлары мен ұйымның міндеттері бойынша жауап бермейді және ұйымның (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын зейнетақы қоры) инвестициялық шешімдері үшін жауапкершілік атқармайды. <\*>

**Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

19. Кастодиан-банк зейнетақы қорына және ұйымға олардың міндеттерін орындамағаны немесе ойдағыдай орындамағаны салдарынан келтірген шығындарды, қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен өтеуге тиіс.

20. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңдармен реттеледі.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ      Б а н к і      Б а с қ а р м а с ы н ы ң  
1998      ж ы л ғ ы      31      ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N      341      қ а у л ы с ы м е н      б е к і т і л г е н  
Е к і н ш і      д е ң г е й д е г і      б а н к т е р д і ң  
о л а р ғ а      с е н і п      т а п с ы р ы л ғ а н  
ж и н а қ т а у ш ы      з е й н е т а қ ы      қ о р л а р ы н ы ң  
а қ ш а с ы      м е н      б а ғ а л ы      қ а ғ а з д а р ы н  
с а қ т а у д ы      ж әне      е с е п к е      а л у д ы  
ж ү з е г е      а с ы р у      е р е ж е л е р і н е  
1-қосымша

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

200\_\_ж."\_\_"\_\_\_\_\_ бастап "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
к е з е ң і      ү ш і н

(теңге)

**Инвестициялық шот бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтер**

\_\_\_\_\_  
(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

Символы | Ақша ағынының баптары | сомасы

1	2	3
10	Есепті кезеңнің басындағы ақша	
	қ а л д ы ғ ы	
20	Түскен ақшаның барлығы, оның	
	і ш і н д е :	
21	зейнетақы жарналары	
22	басқа қорлардан жинақталған	
	зейнетақы қаражаты	
2 3	ө с і м п ұ л	
24	нақты алынған инвестициялық кіріс	
25	анықталмаған (қателесіп түскен)	
	с о м а л а р	
26	зейнетақы төлемдері шоттарынан	
	сомалардың қайтарылуы	
27	банк салымдарының қайтарылған	
	с о м а с ы	
28	бағалы қағаздарды өтеуден түскен	
	сомаларды қосқанда, оларды	
	сатудан түскен сомалар	
2 9	басқа да сомалар	
30	Инвестицияланған ақшаның	
	барлығы, оның ішінде:	
3 1	бағалы қағаздарға	
	бағалы қағаздар:	
32	екінші деңгейдегі банктердегі	
	с а л ы м д а р ғ а	
40	Төлемдердің барлығы, оның ішінде:	
41	жасы бойынша зейнетақы төлемдері	
4 1 1	м ұ р а г е р л е р г е	
412	Қазақстан Республикасынан тыс	
	жерлерге шығуға байланысты	
413	кәте есептелген сомаларды қайтару	
414	комиссиялық сыйақыларды аудару	
415	шетел валютасын сатып алу	
4 1 6	б а с қ а л а р ы	
42	Есепті кезеңнің соңындағы ақша	



## Қ о с ы м ш а м ә л і м е т т е р

Есептелген	инвестициялық	кіріс
------------	---------------	-------

Инвестициялық	кірістен	комиссиялық	сыйақылар
Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақылар			

Т ө р а ғ а  
Б а с б у х г а л т е р

Мөрдiң орны

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 341

қаулысымен бекітілген

Екінші деңгейдегі банктердің

оларға сеніп тапсырылған

жинақтаушы зейнетақы қорларының

ақшасы мен бағалы қағаздарын

сақтауды және есепке алуды

жүзеге асыру ережелеріне

N 2 қосымша

(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорына ұсыну үшін зейнетақы активтерінің құрылымы туралы есеп**

**Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 150 қаулысымен .**

199 \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ кезең аралығында  
N 1 Кесте: Құнды қағаздар

рет	Эмитент	Құнды	Ұлттық	Нақты	Саны	Өтеу мерзімі	Бір құнды	Құнды	Ор.
N	атауы	қағаз	Сәйкес	құны	(да.	(өтеу күні)	қағазды	қағаз	на.
		дар	тенді.	(тең.	на)		сатып	дарға	ла.
		түр.	ру	ге)			алудың	салын	ст.



